

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуі мен олардың айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 ақпан N 153 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 30 наурызда Алматы қаласында жасалған ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуі мен олардың айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдерінің өндірілуі мен олардың айналымын кедендік және салықтық бақылау туралы келісім

Ескерту. Келісімнің 9-бабын қоспағанда, мәтін бойынша «этил спирті, алкоголь, құрамында спирт бар және темекі өнімдері» деген сөздер тиісті септікте «этил спирті, алкоголь, құрамында спирт бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қант» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 25.05.2015 № 385 қаулысымен.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразия экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің үкіметтері, Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар өнімдер, темекі өнімдерінің және ақ қанттың өндірілуі мен олардың айналымын реттеу қажеттілігін тани отырып,

1995 жылғы 6 және 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімдерді негізге ала отырып және 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы мен Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шарттың, 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шарттың ережелерін ескере отырып,

этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар өнімдер, темекі өнімдерін және ақ қантты өндіру мен оның айналымы саласындағы тиісті мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету қажеттілігін басшылыққа ала отырып,

Тараптар мемлекеттерінің экспорттық-импорттық операцияларына салықтық және кедендік бақылауды жетілдіру, салық және кеден органдарының арасында ақпарат алмасу мақсатында,

мыналар туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Этил спирті, алкоголь, құрамында спирт бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қант" ұғымы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес жанама салықтар (акциздер және/немесе ҚҚС) белгіленген этил спирті, алкоголь, құрамында спирт бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қантты білдіреді.

Осы Келісімнің мақсаттары үшін этил спирті, алкоголь, құрамында спирт бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қант айналымы тіркесінде көрсетілген тауарлар түрлерін Тараптар мемлекеттерінің аумағына әкелу, аумағынан әкету және аумағы арқылы тасымалдау, сатып алу, сақтау, көтерме және бөлшектеп сату түсіндіріледі.

Тараптар осы келісімге қол қойылған күнінен бастап 3 ай мерзімде оларға қатысты осы Келісімнің ережелері қолданылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің тауарлық номенклатурасының (СЭҚ ТН ТМД) негізінде тауарлардың тізбесін келіседі.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.05.2015 № 385 қаулысымен.

2-бап

Тараптар этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирт бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қанттың өндірілуі мен айналымына бақылауды Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына және халықаралық міндеттемелеріне сәйкес тиісті құзыретті органдарға жүктейді.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.05.2015 № 385 қаулысымен.

3-бап

Тараптар мемлекеттерінің салық және кеден органдары өзара келісім бойынша этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қанттың өндіретін кәсіпорындардың, сондай-ақ оларды әкелуді-әкетуді және транзиттік тасымалдауды жүзеге асыратын сыртқы экономикалық қызмет қатысушыларының тізілімдерімен алмасады.

4-бап

Этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қантты әкелуді-әкетуді тарифтік емес реттеу шараларын Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына және олардың халықаралық міндеттемелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5-бап

Тараптар екі жақты негізде ол арқылы Тараптар мемлекеттерінің аумағына/нан этил спирті, алкоголь, құрамында спирті бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қантты әкелу-әкету жүзеге асырылатын шекаралық өту бекеттерінің тізбесін анықтайды және к е л і с е д і .

Тараптар осы Келісімге қол қойылған күнінен бастап 3 айлық мерзімде Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетіне шекаралық өткізу бекеттерінің тізбесін жібереді.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің салық және кеден органдары екі жақты негізде тұрақты айырбасқа жататын этил спирті, алкоголь, құрамында спирті бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қантын өндіру жөніндегі қажетті ақпараттың тізбесі мен көлемін анықтайды.

7-бап

Тараптар этил спирті, алкоголь, құрамында спирті бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қантын өндіру және оның айналымы саласындағы Тараптар мемлекеттерінде қолданылып жүрген заңнаманы үйлестіру жолымен мемлекеттік реттеу шараларын келісуге ұмтылады.

8-бап

Этил спиртінің, алкоголь, құрамында спирті бар өнімдер, темекі өнімдері және ақ қанттың өндірілуін бақылауды реттеу мақсатында Тараптар транзиттік тасымалдауларды кедендік қамтамасыз етудің келісілген тәсілдерін белгілеуге ұмтылады.

9-бап

Тараптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттерде өндірілген және олардың аумағына әкелінетін этил спиртіне, алкоголь, құрамында спирті бар және темекі өнімдеріне акциздік салықтың (акциздің) ставкаларын жақындатуға ұмтылады.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулы мәселелер мүдделі Тараптар консультациялары мен келіссөздері арқылы шешіледі.

11-бап

Осы Келісімге, оның ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген Хаттамалармен ресімделетін Тараптардың келісімімен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

12-бап

Осы Келісім оның депозитарийі болып табылатын Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық Комитетіне Тараптардың мемлекетішілік рәсімдерді орындауы туралы хабарламаны соңғысының тапсырған күнінен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

13-бап

Әрбір Тарап депозитарийге шыққанға немесе өзінің оған қатысуын тоқтата тұрғанға дейін алты айдан кешіктірмей жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға немесе оған өзінің қатысуын тоқтата тұра алады.

2002 жылғы 30 наурызда Алматы қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада ж а с а л д ы .

Келісімнің түпнұсқа данасы Еуразия экономикалық қоғамдастығының Интеграциялық комитетінде сақталады, ол әрбір тарапқа оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін